

Бейбіт уақытқа арналған Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін азық-түлікпен, азықпен, жабдықпен, асханалық-асүйлік ыдыспен және азық-түлік қызметінің техникасымен жабдықтау нормаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2015 жылғы 18 маусымдағы № 353 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 5 тамызда № 11844 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабы 2-тармағының 22-тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 12.09.2025 № 1263 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң, бірақ 16.09.2025 ерте емес қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Бейбіт уақытқа арналған Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін азық-түлікпен, азықпен, жабдықпен, асханалық-асүйлік ыдыспен және азық-түлік қызметінің техникасымен жабдықтау нормалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Тыл және қару-жарақ бастығының басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты алғашқы ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне жолдауды қамтамасыз етсін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 07.07.2020 № 315 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 07.07.2020 № 315 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

_____ Б. Сұлтанов

2015 ж. 1 шілде

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2015 жылғы 18 маусым
№ 353 бұйрығымен
бекітілген

**Бейбіт уақытқа арналған Қазақстан Республикасының
Қарулы Күштерін азық-түлікпен, азықпен, жабдықпен, асханалық-асүйлік ыдыспен және
азық-түлік қызметінің техникасымен жабдықтаудың нормаларын бекіту туралы**

Ескерту. Нормаларына өзгеріс енгізілді – ҚР Қорғаныс министрінің 07.07.2020 № 315 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.04.2022 № 192; 26.05.2025 № 613 (19.05.2025 бастап қолданысқа енгізіледі); 12.09.2025 № 1263 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң, бірақ 16.09.2025 ерте емес қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

1-норма

"Жалпы әскери азық үлесі"

Р/с №	Өнімдердің атауы	1 адамға г/күн
1.	2-сұрыпты бидай ұнынан пісірілген нан	350
2.	1-сұрыпты құнарландырылған бидай ұнынан пісірілген нан	400
3.	1-сұрыпты бидай ұны (құнарландырылған)	10
4.	1-сұрыпты қарақұмық жармасы	30
5.	Жоғары сұрыпты сұлы жармасы	10
6.	1-сұрыпты арпа жармасы	10
7.	Жоғары сұрыпты тары жармасы	10
8.	1-сұрыпты ұнтақталған арпа жармасы	10
9.	Жоғары сұрыпты күріш жармасы	30
10.	1-сұрыпты атбас бұршақ (бұршақ, үрме бұршақ)	10

11.	Жоғары сұрыпты макарон өнімдері (вермишель, түтік кеспе, кеспе)	35
12.	1-санатты сиыр еті	200
13.	1-санатты құс еті (тауық, түйетауық)	30
14.	Жоғары сұрыпты жартылай ысталған шұжық	20
15.	Тазартылған басы жоқ балық (сазан, жайын, тұқы, көксерке)	120
16.	Тауық жұмыртқасы (дана)	1
17.	Сиыр сүті, майлылығы кемінде 2,5 % (миллилитр)	90
18.	Айран [*] , майлылығы кемінде 2,5 % (миллилитр)	60
19.	Қаймақ [*] , майлылығы кемінде 15 %	30
20.	Сүзбе [*] , майлылығы кемінде 9 %	30
21.	Мәйекті қатты ірімшік	35
22.	Сары май, жануар майының үлесі кемінде 72,5 %	40
23.	Күнбағыс майы	40
24.	Құмшекер	70
25.	Ара балы (10 г пакеттелген)	20
26.	Жоғары сұрыпты қара шай	2
27.	Йодталған ас тұзы	20
28.	Наубайханалық тығыздалған ашытқы [*]	0,3
29.	Лавр жапырағы	0,2
30.	Ұнтақталған бұрыш	0,3
31.	Қыша ұнтағы	0,3
32.	Тағамдық сірке қышқылы 70 %	0,1
33.	Жаңа піскен картоп	420
34.	Жаңа піскен ақ қауданды қырыққабат	130
35.	Жаңа піскен қызылша	40
36.	Жаңа піскен сәбіз	95
37.	Жаңа піскен басты пияз	65
38.	Жаңа піскен сарымсақ	5
39.	Жаңа піскен қияр [*]	50
40.	Жаңа піскен қызанақ [*]	50
41.	Томат пастасы	6
42.	Жаңа піскен тәтті бұрыш	20

43.	Жаңа піскен көк * (көк пияз, аскөк, желкек)	20
44.	Көкөніс шырыны (миллилитр)	90
45.	Жаңа піскен жеміс (алма, банан, апельсин)	200
46.	Кептірілген жеміс (мейіз, өрік қағы, қара өрік)	20
47.	Жеміс-жидек шырыны (миллилитр)	90
48.	Поливитаминді препарат, драже (желтоқсан-мамыр)	1

* оларды беру мүмкін болмаған кезде ауыстыру нормасына сәйкес ауыстырылады.

Ескертпе:

1. Осы норма бойынша мемлекет есебінен:

1) басқа нормалар бойынша азық-түлік алатындарды қоспағанда, мерзімді қызмет әскери қызметшілері;

2) ведомстволық тиесілігіне қарамастан, гауптвахтада жазасын өтейтін әскери қызметшілер;

3) әскери жиындарға шақырылған әскери міндеттілер, әскери-оқу практикасы кезеңінде әскери кафедралардың (әскери факультеттердің) өтеусіз негізде білім алып жатқан студенттері, оқуға түсу емтихандарын тапсыру үшін келген және казармалық жағдайда тұратын кандидаттар, жиындардан (тағылымдамадан) өту кезеңінде әскери-оқу орындарының (әскери колледждердің) кадеттері мен курсанттары, сондай-ақ осы бөлімдерге, бөлімшелерге іссапарға келген әскери қызметшілер;

4) алып тасталды – ҚР Қорғаныс министрінің 12.09.2025 № 1263 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң, бірақ 16.09.2025 ерте емес қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен;

5) мерзімді қызмет әскери қызметшілері, сондай-ақ әскери оқу орындарына түсу үшін әскери жиындарға жіберілетін әскерге шақырушылар, әскери оқу орындарына келген күннен бастап қабылданған немесе қабылдаудан бас тартқан күнге дейін жабдықталуда;

6) әскери қызметшілер – маяктардағы вахтаны өткерген кезде;

7) әскери қызметшілер – жауынгерлік кезекшілік атқарған уақытта;

8) әскери қызметшілер – далалық шығуларға қатысқан уақытта;

9) әскери қызметшілер – тәуліктік нарядта қызмет өткерген кезде;

10) әскери қызметшілер – қарауылда қызмет өткерген кезде;

11) әскери қызметшілер – әскери және арнайы жүктерге (әскери эшелондарға) ілесіп жүру және оларды тасымалдау кезінде және осы жүктерді қабылдау орнына барған немесе тапсырғаннан кейін кері қайтқан жолда жабдықталуда.

12) резервтегі әскери қызметті өткеріп жүрген әскери қызметшілер.

"Ауыз сумен қамтамасыз ету"

негізгі нормаларына қосымша азық үлесі

Р/с №	Өнімдердің атауы	1 адамға күніне
1.	Бөтелкедегі ауыз су (миллилитр)	1500

Ескертпе: осы норма бойынша мемлекет есебінен:

1) әскери қызметшілер далалық шығуда, оқу-жаттығуда, маневр жасауда, зілзала мен апат ауданында болған кезде, төтенше жағдайда, қарулы жанжал кезінде және бітімгершілік операцияларда, сондай-ақ далалық жиындар кезеңінде әскери колледждердің кадеттері мен ұландары;

2) резервтегі әскери қызметті өткеріп жүрген әскери қызметшілер жауынгерлік даярлық бойынша сабақтардан және жиындардан өту кезінде, дағдарыстық ахуал кезінде;

3) әскери жиынға шақырылған әскери міндеттілер, оқу-жаттығу полигондарында және орталықтарында әскери-оқу практикасы кезеңінде өтеусіз негізде білім алып жатқан әскери кафедралардың (әскери факультеттердің) студенттері;

4) климаты ыстық өңірде (Шымкент қаласы, Түркістан, Қызылорда, Маңғыстау және Атырау облыстары) жабдықтылымдағы көрсетілген санат 1 маусым – 31 тамыз кезеңінде тәулігіне 1,5 литрден бөтелкедегі ауызсумен қамтамасыз етіледі.

"Әскери эшелондарға ілесіп жүру кезіндегі" негізгі нормаларға қосымша азық үлесі

Р/с №	Өнімдердің атауы	1 адамға г/күн
1.	1-санатты сиыр еті	120
2.	Сары май, жануар майының үлесі кемінде 72,5 %	20
3.	Сиыр сүті, майлылығы кемінде 2,5 % (миллилитр)	100
4.	Құмшекер	25
5.	Қаймақ *, майлылығы кемінде 15 %	30
6.	Сүзбе *, майлылығы кемінде 9 %	30

* негізгі норманың осы өнімдері қосымша норма берілген кезде берілмейді.

Ескертпе: осы норма бойынша мемлекет есебінен әскери эшелондарға ілесіп жүру үшін қарауыл (командалар) құрамына тағайындалған әскери қызметшілер – жүктерді тасымалдау кезінде және осы жүктерді қабылдау орнына барған және тапсырғаннан кейін кері қайтқан жолда жабдықтылымда.

"Құрметті қарауыл ротасына арналған" негізгі нормаларға қосымша азық үлесі

--	--	--

Р/с №	Өнімдердің атауы	1 адамға г/күн
1.	1-санатты сиыр еті	100
2.	Сиыр сүті, құнарлығы кемінде 2,5 % (миллилитр)	150
3.	Мәйекті қатты ірімшік	10
4.	Сиыр сүті, майлылығы кемінде 2,5 % (миллилитр)	15
5.	Жаңа піскен жеміс (алма, банан, апельсин)	50

Ескертпе: осы норма бойынша мемлекет есебінен Қарулы Күштер құрметті қарауыл ротасының мерзімді қызмет әскери қызметшілері жабдыкталуда.

"Мерекелік үлес"

негізгі нормаларына қосымша азық үлесі

Р/с №	Өнімдердің атауы	1 адамға г/күн
1.	1-сұрыпты бидай ұны (құнарландырылған)	60
2.	Печенье	30
3.	Кәмпит	20
4.	Наубайханалық тығыздалған ашытқы	0,2
5.	Өсімдік майы	5
6.	Жаңа піскен жеміс (алма, банан, апельсин)	200

Ескертпе:

Осы норма бойынша мемлекет есебінен:

1) мерзімді қызмет әскери қызметшілері мен жоғары оқу орындарының курсанттары, әскери колледж кадеттері мен ұландары, әскери-оқу практикасы кезеңінде өтеусіз негізде білім алып жатқан әскери кафедралардың (әскери факультеттердің) студенттері – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалған мереке күндері және тиісті органдардың, мекемелер мен бөлімдердің құрылғанын мерекелеген күндері, сондай-ақ әскери ант қабылдаған күндері;

2) әскери жиындарға шақырылған және бұрын әскери ант қабылдамаған әскери міндеттілер – әскери ант қабылдаған күндері жабдыкталуда.

"Қарауылда қызмет өткерген кездегі"

негізгі нормаларға қосымша азық үлесі

Р/с №	Өнімдердің атауы	1 адамға г/күн

1.	1-сұрыпты құнарландырылған бидай ұнынан пісірілген нан	100
2.	Сары май, жануар майының үлесі кемінде 72,5 %	15
3.	Мәйекті қатты ірімшік	10
4.	Жоғары сұрыпты жартылай ысталған шұжық	30
5.	Жоғары сұрыпты қара шай	0,5
6.	Құмшекер	20

Ескертпе: осы норма бойынша мемлекет есебінен әскери және мемлекеттік объектілерді, күзету жөніндегі қарауылдар құрамында қызмет (вахта) өткеру кезінде әскери қызметшілер, егер сағат 22-00-ден 6-00-ге дейінгі кезеңде қарауылда (нарядта) қызмет өткеру уақыты түнгі уақыттың кемінде екі сағатын қамтыса жабдықталуда.

"Емдеу-алдын алу үлесі"

негізгі нормаларына қосымша азық үлесі

Р/с №	Өнімдердің атауы	1 адамға г/күн
1.	Сиыр сүті, майлылығы кемінде 2,5 % (миллилитр)	500

Ескертпе: осы норма бойынша мемлекет есебінен әскери қызметшілердің мынадай санаты жабдықталады: улы химикаттармен байланысты медициналық (ветеринариялық) персонал; маман (рентгенолог); жұмысы жанар-жағармай материалымен ұдайы байланысты мамандар (жанар-жағармай материалы қоймасының бастығы, отын құюшы); жұмысы құрамында иондаушы сәулелену заттары бар бұйымдарды сақтаумен, қорғаумен және техникалық қызмет көрсетумен байланысты қару-жарақ қызметінің мамандары (қару-жарақ қызметінің бастығы, қойма бастығы, сақтау орнының бастығы, техник, краншы, такелажшы), сондай-ақ радиациялық қатермен байланысты жұмысты және ерекше міндеттерді орындайтын радиациялық, химиялық, биологиялық қорғау мамандары.

"Авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу кезіндегі"

негізгі нормаларға қосымша азық үлесі

Р/с №	Өнімдердің атауы	1 адамға г/күн
1.	Печенье *	100
2.	Түрлі ет консервілері	150
3.	Түрлі ет-өсімдік консервілері	150
4.	Екінші түскі ас консервілері	200
5.	Балық консервілері (майлы шпрот)	60

6.	Жоғары сұрыпты жартылай ысталған шұжық	60
7.	Қант қосылған қоюландырылған қаймағы алынбаған сүт	60
8.	Құмшекер	100
9.	Шоколад	80
10.	Витаминді глюкоза	50
11.	Лимон қышқылы	3
12.	Кептірілген жеміс (мейіз, өрік қағы, қара өрік)	30
13.	Жаңғақ	40
14.	Табиғи кофе	6
15.	Какао ұнтағы	14

* баламалы түрде вафлиға немесе кептірілген тоқашқа ауыстыру.

Ескертпе: осы норма бойынша мемлекет есебінен әскери қызметшілер авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу, зілзаланы, төтенше жағдайларды жою кезінде , егер жоюды жүргізу уақыты кемінде бір тәуліктен асатын болса жабдықталуда.

"Донорларға арналған азық үлесі"

негізгі нормаларына қосымша азық үлесі

Р/с №	Өнімдердің атауы	1 адамға г/күн
1.	Жоғары сұрыпты қара шай	0,3
2.	Шоколад	100
3.	Жеміс-жидек шырыны (миллилитр)	200
4.	Кептірілген жеміс (мейіз, өрік қағы)	40
5.	"Гематоген" биологиялық белсенді қоспасы	40

Ескертпе: тағам түріндегі осы норма бойынша мемлекет есебінен әскери қызметшілерге негізгі нормалар бойынша олардың азық-түлік үлесімен (тағаммен) жабдықталуына қарамастан, қан тапсырған күні беріледі.

2-норма

"Инженерлік-техникалық құрамға арналған азық үлесі"

Р/с №	Өнімдердің атауы	1 адамға г/күн
1.	2-сұрыпты бидай ұнынан пісірілген нан	350
2.	1-сұрыпты құнарландырылған бидай ұнынан пісірілген нан	400

3.	1-сұрыпты бидай ұны (кұнарландырылған)	10
4.	1-сұрыпты қарақұмық жармасы	30
5.	Жоғары сұрыпты сұлы жармасы	10
6.	1-сұрыпты арпа жармасы	10
7.	Жоғары сұрыпты тары жармасы	10
8.	Жоғары сұрыпты күріш жармасы	35
9.	1-сұрыпты атбас бұршақ (бұршақ, үрме бұршақ)	10
10.	Жоғары сұрыпты макарон өнімдері (вермишель, түтік кеспе, кеспе)	40
11.	1-санатты сиыр еті	300
12.	1-санатты құс еті (тауық, түйетауық)	30
13.	Жоғары сұрыпты жартылай ысталған шұжық	25
14.	Тазартылған басы жоқ балық (сазан, жайын, тұқы, көксерке)	140
15.	Тауық жұмыртқасы (дана)	1
16.	Сиыр сүті, майлылығы кемінде 2,5 % (миллилитр)	180
17.	Айран, майлылығы кемінде 2,5 % (миллилитр)	60
18.	Қаймақ, майлылығы кемінде 15 %	30
19.	Сүзбе, майлылығы кемінде 9 %	30
20.	Мәйекті қатты ірімшік	35
21.	Сары май, жануар майының үлесі кемінде 72,5 %	40
22.	Күнбағыс майы	40
23.	Құмшекер	70
24.	Ара балы (10 г пакеттелген)	20
25.	Жоғары сұрыпты қара шай	2
26.	Ерітілетін табиғи кофе	1
27.	Йодталған ас тұзы	20
28.	Наубайханалық тығыздалған ашытқы	0,3
29.	Лавр жапырағы	0,2
30.	Ұнтақталған бұрыш	0,3
31.	Қыша ұнтағы	0,3
32.	Тағамдық сірке қышқылы 70 %	0,1
33.	Жаңа піскен картоп	450
34.	Жаңа піскен ақ кауданды кырыққабат	130

35.	Жаңа піскен қызылша	40
36.	Жаңа піскен сәбіз	95
37.	Жаңа піскен басты пияз	65
38.	Жаңа піскен сарымсақ	5
39.	Жаңа піскен қияр	50
40.	Жаңа піскен қызанақ	50
41.	Томат пастасы	6
42.	Жаңа піскен тәтті бұрыш	20
43.	Жаңа піскен көк (көк пияз, аскөк, желкек)	20
44.	Көкөніс шырыны (миллилитр)	90
45.	Жаңа піскен жеміс (алма, банан, апельсин)	200
46.	Кептірілген жеміс (мейіз, өрік қағы, қара өрік)	20
47.	Жеміс-жидек шырыны (миллилитр)	90
48.	Поливитаминді препарат, драже (желтоқсан-мамыр)	1

Ескертпе:

Осы норма бойынша мемлекет есебінен:

1) авиациялық техникаға қызмет көрсетуге және ұшуларды қамтамасыз етуге жіберілген әуеайлақтарда, полигондарда, техникалық және ұшыру бекіністерінде тұрақты жұмыс істейтін инженерлік-техникалық құрам – ұшуларды дайындау және орындау кезеңінде;

2) әскери жиындарға шақырылған әскери міндеттілер, тағылымдамадан өтіп жатқан әскери оқу орындарының курсанттары және авиациялық бөлімдерде инженерлік-техникалық лауазымдарда өтеусіз негізде білім алып жатқан әскери кафедралардың (әскери факультетінің) студенттері – жиындардан (әскери-оқу практикасынан, тағылымдамадан) өту кезеңінде;

3) инженерлік-техникалық құрамның әскери қызметшілері – жауынгерлік кезекшілік атқарған уақытта;

4) инженерлік-техникалық құрамның әскери қызметшілері – далалық шығуларға қатысқан уақытта;

5) инженерлік-техникалық құрамның әскери қызметшілері – тәуліктік нарядта қызмет өткерген кезде;

6) инженерлік-техникалық құрамның әскери қызметшілері – қарауылда қызмет өткерген кезде;

7) инженерлік-техникалық құрамның әскери қызметшілері – әскери және арнайы жүктерге (әскери эшелондарға) ілесіп жүру және оларды тасымалдау кезінде және осы

жүктерді қабылдау орнына барған немесе тапсырғаннан кейін кері қайтқан жолда жабдықталуда.

3-норма

"Жоғары оқу орындарының курсанттарына арналған азық үлесі"

P/c №	Өнімдердің атауы	1 адамға г/күн
1.	2-сұрыпты бидай ұнынан пісірілген нан	350
2.	1-сұрыпты құнарландырылған бидай ұнынан пісірілген нан	400
3.	1-сұрыпты бидай ұны (құнарландырылған)	100
4.	1-сұрыпты қарақұмық жармасы	30
5.	Жоғары сұрыпты сұлы жармасы	10
6.	1-сұрыпты арпа жармасы	10
7.	Жоғары сұрыпты тары жармасы	10
8.	1-сұрыпты ұнтақталған арпа жармасы	10
9.	Жоғары сұрыпты күріш жармасы	30
10.	1-сұрыпты атбас бұршақ (бұршақ, үрме бұршақ)	10
11.	Жоғары сұрыпты макарон өнімдері (вермишель, түтік кеспе, кеспе)	35
12.	1-санатты сиыр еті	250
13.	1-санатты құс еті (тауық, түйетауық)	30
14.	Жоғары сұрыпты жартылай ысталған шұжық	25
15.	Тазартылған басы жоқ балық (сазан, жайын, тұқы, көксерке)	120
16.	Тауық жұмыртқасы (дана)	1
17.	Сиыр сүті, майлылығы кемінде 2,5 % (миллилитр)	180
18.	Айран, майлылығы кемінде 2,5 % (миллилитр)	60
19.	Қаймақ, майлылығы кемінде 15 %	30
20.	Сүзбе, майлылығы кемінде 9 %	30
21.	Мәйекті қатты ірімшік	35
22.	Сары май, жануар майының үлесі кемінде 72,5 %	40
23.	Күнбағыс майы	40
24.	Құмшекер	70

25.	Ара балы (10 г пакеттелген)	20
26.	Жоғары сұрыпты қара шай	2
27.	Ерігілетін табиғи кофе	1
28.	Йодталған ас тұзы	20
29.	Наубайханалық тығыздалған ашытқы	0,3
30.	Лавр жапырағы	0,2
31.	Ұнтақталған бұрыш	0,3
32.	Қыша ұнтағы	0,3
33.	Тағамдық сірке қышқылы 70 %	0,1
34.	Жаңа піскен картоп	420
35.	Жаңа піскен ақ кауданды кырыққабат	130
36.	Жаңа піскен қызылша	40
37.	Жаңа піскен сәбіз	95
38.	Жаңа піскен басты пияз	65
39.	Жаңа піскен сарымсақ	5
40.	Жаңа піскен қияр	50
41.	Жаңа піскен қызанақ	50
42.	Томат пастасы	6
43.	Жаңа піскен тәтті бұрыш	20
44.	Жаңа піскен көк (көк пияз, аскөк, желкек)	20
45.	Көкөніс шырыны (миллилитр)	90
46.	Жаңа піскен жеміс (алма, банан, апельсин)	200
47.	Кептірілген жеміс (мейіз, өрік қағы, қара өрік)	20
48.	Жеміс-жидек шырыны (миллилитр)	90
49.	Поливитаминді препарат, драже (желтоксан-мамыр)	1

Ескертпе: осы норма бойынша мемлекет есебінен жоғары әскери оқу орындарының (әскери факультеттердің) курсанттары барлық оқу кезеңі ішінде оқуға қабылданған күнінен бастап әскери оқу орны офицерлер атағын беру туралы бұйрықты алғанға дейін жабдықталуда.

4-норма

"1500 метр және одан жоғары биіктіктегі биік таулық азық үлесі"

Р/с №	Өнімдердің атауы	1 адамға г/күн
1.	2-сұрыпты бидай ұнынан пісірілген нан	350

2.	1-сұрыпты құнарландырылған бидай ұнынан пісірілген нан	400
3.	1-сұрыпты бидай ұны (құнарландырылған)	100
4.	1-сұрыпты қарақұмық жармасы	30
5.	Жоғары сұрыпты сұлы жармасы	10
6.	1-сұрыпты арпа жармасы	10
7.	Жоғары сұрыпты тары жармасы	10
8.	1-сұрыпты ұнтақталған арпа жармасы	10
9.	Жоғары сұрыпты күріш жармасы	30
10.	1-сұрыпты атбас бұршақ (бұршақ, үрме бұршақ)	10
11.	Жоғары сұрыпты макарон өнімдері (вермишель, түтік кеспе, кеспе)	35
12.	1-санатты сиыр еті	270
13.	1-санатты құс еті (тауық, түйетауық)	30
14.	Жоғары сұрыпты жартылай ысталған шұжық	50
15.	Тазартылған басы жоқ балық (сазан, жайын, тұқы, көксерке)	140
16.	Тауық жұмыртқасы (дана)	1
17.	Сиыр сүті, майлылығы кемінде 2,5 % (миллилитр)	180
18.	Айран *, майлылығы кемінде 2,5 % (миллилитр)	60
19.	Қаймақ *, майлылығы кемінде 15 %	25
20.	Сүзбе *, майлылығы кемінде 9 %	30
21.	Мәйекті қатты ірімшік	35
22.	Сары май, жануар майының үлесі кемінде 72,5 %	40
23.	Күнбағыс майы	40
24.	Құмшекер	60
25.	Ара балы (10 г пакеттелген)	20
26.	Жоғары сұрыпты қара шай	2
27.	Ерітілетін табиғи кофе	1
28.	Йодталған ас тұзы	20
29.	Наубайханалық тығыздалған ашытқы *	0,3
30.	Лавр жапырағы	0,2
31.	Ұнтақталған бұрыш	0,3

32.	Қыша ұнтағы	0,3
33.	Тағамдық сірке қышқылы 70 %	0,1
34.	Жаңа піскен картоп	420
35.	Жаңа піскен ақ қауданды қырыққабат	130
36.	Жаңа піскен қызылша	40
37.	Жаңа піскен сәбіз	95
38.	Жаңа піскен басты пияз	65
39.	Жаңа піскен сарымсақ	5
40.	Жаңа піскен қияр *	50
41.	Жаңа піскен қызанақ *	50
42.	Томат пастасы	6
43.	Жаңа піскен тәтті бұрыш	20
44.	Жаңа піскен көк* (көк пияз, аскөк, желкек)	20
45.	Көкөніс шырыны (миллилитр)	90
46.	Жаңа піскен жеміс (алма, банан, апельсин)	200
47.	Кептірілген жеміс (мейіз, өрік қағы, қара өрік)	20
48.	Жеміс-жидек шырыны (миллилитр)	90
49.	Поливитаминді препарат, драже (желтоксан-мамыр)	1

* оларды беру мүмкін болмаған кезде ауыстыру нормасына сәйкес ауыстырылады.

Ескертпе:

Осы норма бойынша мемлекет есебінен теңіз деңгейінен 1500 метр және одан жоғары биіктікте қызмет өткеру (жұмыстарды жүзеге асыру) кезінде мыналар жабдықталуда:

1) 1500 метр және одан жоғары биіктікте орналасқан әуе шабуылына қарсы қорғанысты бағыттау бөлімшелері мен пункттеріндегі мерзімді қызмет әскери қызметшілері, тағылымдамадан (тәжірибеден) өтетін курсанттар, сондай-ақ осы бөлімдерге, бөлімшелерге іссапарға келген әскери қызметшілер;

2) әскери қызметшілер – жауынгерлік кезекшілік атқарған уақытта;

3) әскери қызметшілер – далалық шығуларға қатысқан уақытта;

4) әскери қызметшілер – тәуліктік нарядта қызмет өткерген кезде;

5) әскери қызметшілер – қарауылда қызмет өткерген кезде;

6) осы нормаға қосымша мемлекет есебінен теңіз деңгейінен 3000 метр және одан жоғары биіктіктегі жергілікті жерлерде бір адамға тәулігіне 100 г сиыр сүті немесе сүттің осы мөлшеріне ауыстырылған сүт өнімдері, 30 г мәйекті қатты ірімшік, 1 г табиғи кофе, 25 г жеміс-жидек джемі беріледі.

5-норма

Десанттық-шабуылдау әскерлеріне арналған азық үлесі

Ескерту. 5-норманың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 12.04.2022 № 192 бұйрығымен.

Р/с №	Өнімдердің атауы	1 адамға г/күн
1.	2-сұрыпты бидай ұнынан пісірілген нан	350
2.	1-сұрыпты құнарландырылған бидай ұнынан пісірілген нан	400
3.	1-сұрыпты бидай ұны (құнарландырылған)	10
4.	1-сұрыпты қарақұмық жармасы	30
5.	Жоғары сұрыпты сұлы жармасы	10
6.	1-сұрыпты арпа жармасы	10
7.	Жоғары сұрыпты тары жармасы	10
8.	1-сұрыпты ұнтақталған арпа жармасы	10
9.	Жоғары сұрыпты күріш жармасы	30
10.	1-сұрыпты атбас бұршақ (бұршақ, үрме бұршақ)	10
11.	Жоғары сұрыпты макарон өнімдері (вермишель, түтік кеспе, кеспе)	35
12.	1-санатты сиыр еті	260
13.	1-санатты құс еті (тауық, түйетауық)	30
14.	Жоғары сұрыпты жартылай ысталған шұжық	25
15.	Тазартылған басы жоқ балық (сазан, жайын, тұқы, көксерке)	120
16.	Тауық жұмыртқасы (дана)	1
17.	Сиыр сүті, майлылығы кемінде 2,5 % (миллилитр)	180
18.	Айран, майлылығы кемінде 2,5 % (миллилитр)	90
19.	Қаймақ, майлылығы кемінде 15 %	45
20.	Сүзбе, майлылығы кемінде 9 %	30
21.	Мәйекті қатты ірімшік	40
22.	Сары май, жануар майының үлесі кемінде 72,5 %	40
23.	Күнбағыс майы	40
24.	Құмшекер	70
25.	Ара балы (10 г пакеттелген)	20

26.	Жоғары сұрыпты кара шай	2
27.	Ерітілетін табиғи кофе	1
28.	Йодталған ас тұзы	20
29.	Наубайханалық тығыздалған ашытқы	0,3
30.	Лавр жапырағы	0,2
31.	Ұнтақталған бұрыш	0,3
32.	Қыша ұнтағы	0,3
33.	Тағамдық сірке қышқылы 70 %	0,1
34.	Жаңа піскен картоп	420
35.	Жаңа піскен ақ кауданды кырыққабат	130
36.	Жаңа піскен қызылша	40
37.	Жаңа піскен сәбіз	95
38.	Жаңа піскен басты пияз	65
39.	Жаңа піскен сарымсақ	5
40.	Жаңа піскен қияр	50
41.	Жаңа піскен қызанақ	50
42.	Томат пастасы	6
43.	Жаңа піскен тәтті бұрыш	20
44.	Жаңа піскен көк (көк пияз, аскөк, желкек)	20
45.	Көкөніс шырыны (миллилитр)	90
46.	Жаңа піскен жеміс (алма, банан, апельсин)	200
47.	Кептірілген жеміс (мейіз, өрік қағы, кара өрік)	20
48.	Жеміс-жидек шырыны (миллилитр)	90
49.	"Гематоген" биологиялық белсенді қоспа	25
50.	Поливитаминді препарат, драже (желтоқсан-мамыр)	1

Ескертпе:

Осы норма бойынша мемлекет есебінен Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдар десанттық және барлау бөлімшелерінің, теңіз жаяу әскерлері, арнайы мақсаттағы бөлімшелерінің:

1) мерзімді қызмет әскери қызметшілері;

2) әскери жиындарға шақырылған әскери міндеттілер, өтеусіз негізде білім алып жатқан әскери кафедралардың (әскери факультеттердің) студенттері мен әскери оқу орындарының курсанттары – жиындардан (әскери-оқу практикасынан, тағылымдамадан) өту кезеңінде, әскери қызметі парашютпен секірумен байланысты секіру жасаған күндері жабдыкталуда;

- 3) әскери қызметшілер – жауынгерлік кезекшілік атқарған уақытта;
- 4) әскери қызметшілер – далалық шығуларға (теңізге шығуларға) қатысқан уақытта;
- 5) әскери қызметшілер – тәуліктік нарядта қызмет өткерген кезде;
- 6) әскери қызметшілер – қарауылда қызмет өткерген кезде;
- 7) әскери қызметшілер – парашютпен секірген күндері;
- 8) әскери қызметшілер – әскери және арнайы жүктерге (әскери эшелондарға) ілесіп жүру және оларды тасымалдау кезінде және осы жүктерді қабылдау орнына барған немесе тапсырғаннан кейін кері қайтқан жолда жабдыкталуда.
- 9) резервтегі әскери қызметті өткеріп жүрген әскери қызметшілер.

6-норма

"Әскери-спорт колледжінің оқушыларына арналған азық үлесі

Ескерту. 6-норманың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 26.05.2025 № 613 (19.05.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Р/с №	Өнімдердің атауы	1 адамға г/күн
1.	2-сұрыпты бидай ұнынан пісірілген нан	350
2.	1-сұрыпты құнарландырылған бидай ұнынан пісірілген нан	400
3.	1-сұрыпты бидай ұны (құнарландырылған)	40
4.	1-сұрыпты қарақұмық жармасы	30
5.	Жоғары сұрыпты сұлы жармасы	10
6.	1-сұрыпты арпа жармасы	10
7.	Жоғары сұрыпты тары жармасы	10
8.	1-сұрыпты ұнтақталған арпа жармасы	10
9.	Жоғары сұрыпты күріш жармасы	30
10.	1-сұрыпты атбас бұршақ (бұршақ, үрме бұршақ)	10
11.	Жоғары сұрыпты макарон өнімдері (вермишель, түтік кеспе, кеспе)	35
12.	1-санатты сиыр еті	310
13.	1-санатты құс еті (тауық, түйетауық)	30
14.	Жоғары сұрыпты жартылай ысталған шұжық	25
15.	Тазартылған басы жоқ балық (сазан, жайын, тұқы, көксерке)	130
16.	Тауық жұмыртқасы (дана)	1

17.	Сиыр сүті, майлылығы кемінде 2,5 % (миллилитр)	180
18.	Айран, майлылығы кемінде 2,5 % (миллилитр)	90
19.	Қаймақ, майлылығы кемінде 15 %	45
20.	Сүзбе, майлылығы кемінде 9 %	40
21.	Мәйекті қатты ірімшік	40
22.	Сары май, жануар майының үлесі кемінде 72,5 %	40
23.	Күнбағыс майы	40
24.	Құмшекер	90
25.	Ара балы (10 г пакеттелген)	20
26.	Жоғары сұрыпты қара шай	2
27.	Йодталған ас тұзы	20
28.	Наубайханалық тығыздалған ашытқы	0,3
29.	Лавр жапырағы	0,2
30.	Ұнтақталған бұрыш	0,3
31.	Қыша ұнтағы	0,3
32.	Тағамдық сірке қышқылы 70 %	0,1
33.	Жаңа піскен картоп	420
34.	Жаңа піскен ақ қаданды қырыққабат	130
35.	Жаңа піскен қызылша	40
36.	Жаңа піскен сәбіз	95
37.	Жаңа піскен басты пияз	65
38.	Жаңа піскен сарымсақ	5
39.	Жаңа піскен қияр	50
40.	Жаңа піскен қызанақ	50
41.	Томат пастасы	6
42.	Жаңа піскен тәтті бұрыш	20
43.	Жаңа піскен көк (көк пияз, аскөк, желкек)	20
44.	Көкөніс шырыны (миллилитр)	90
45.	Жаңа піскен жеміс (алма, банан, апельсин)	200
46.	Кептірілген жеміс (мейіз, өрік қағы, қара өрік)	20
47.	Жеміс-жидек шырыны (миллилитр)	90
48.	Поливитаминді препарат, драже (желтоқсан-мамыр)	1

Ескертпе: осы норма бойынша мемлекет есебінен Спорт комитеті –Орталық спорт клубы әскери-спорт колледжінің оқушылары жабдыкталуда.

7-норма

"Жас ұлан" республикалық мектебі 7-8-сыныптарының оқушыларына арналған азық үлесі"

Ескерту. 7-норма алып тасталды – ҚР Қорғаныс министрінің 12.09.2025 № 1263 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң, бірақ 16.09.2025 ерте емес қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен;

8-норма "Әскери колледж ұландарына арналған азық үлесі"

Ескерту. 8-норманың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 12.09.2025 № 1263 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң, бірақ 16.09.2025 ерте емес қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. 8-нормаға өзгеріс енгізілді – ҚР Қорғаныс министрінің 12.04.2022 № 192 бұйрығымен.

Р/с №	Өнімдердің атауы	1 адамға г/күн
1.	2-сұрыпты бидай ұнынан пісірілген нан	200
2.	1-сұрыпты құнарландырылған бидай ұнынан пісірілген нан	350
3.	1-сұрыпты бидай ұны (құнарландырылған)	50
4.	1-сұрыпты қарақұмық жармасы	30
5.	Жоғары сұрыпты сұлы жармасы	10
6.	1-сұрыпты арпа жармасы	10
7.	Жоғары сұрыпты тары жармасы	10
8.	1-сұрыпты ұнтақ жармасы	10
9.	Жоғары сұрыпты күріш жармасы	30
10.	1-сұрыпты атбас бұршақ (бұршақ, үрме бұршақ)	5
11.	Жоғары сұрыпты макарон өнімдері (вермишель, түтік кеспе, кеспе)	30
12.	Печенье	15
13.	1-санатты сиыр еті	260
14.	1-санатты құс еті (тауық, түйетауық)	30
15.	Жоғары сұрыпты жартылай ысталған шұжық	20
16.	Тазартылған басы жоқ балық (сазан, жайын, тұқы, көксерке)	140
17.	Тауық жұмыртқасы (дана)	1
18.	Сиыр сүті, майлылығы кемінде 2,5 % (миллилитр)	360

19.	Айран, майлылығы кемінде 2,5 % (миллилитр)	90
20.	Қаймақ, майлылығы кемінде 15 %	45
21.	Сүзбе, майлылығы кемінде 9 %	50
22.	Мәйекті қатты ірімшік	45
23.	Сары май, жануар майының үлесі кемінде 72,5 %	40
24.	Күнбағыс майы	25
25.	Құмшекер	70
26.	Ара балы (10 г пакеттелген)	20
27.	Кэмпит (карамель)	20
28.	Жоғары сұрыпты қара шай	2
29.	Какао ұнтағы	2
30.	Йодталған ас тұзы	20
31.	Наубайханалық тығыздалған ашытқы	0,3
32.	Лавр жапырағы	0,2
33.	Ұнтақталған бұрыш	0,3
34.	Қыша ұнтағы	0,3
35.	Картоп крахмалы	5
36.	Жаңа піскен картоп	420
37.	Жаңа піскен ақ қауданды кырыққабат	130
38.	Жаңа піскен қызылша	40
39.	Жаңа піскен сәбіз	95
40.	Жаңа піскен басты пияз	65
41.	Жаңа піскен сарымсақ	2
42.	Жаңа піскен қияр	40
43.	Жаңа піскен қызанақ	40
44.	Томат пастасы	6
45.	Жаңа піскен тәтті бұрыш	20
46.	Жаңа піскен көк (көк пияз, аскөк, желкек)	20
47.	Көкөніс шырыны (миллилитр)	90
48.	Жаңа піскен жеміс (алма, банан, апельсин)	300
49.	Кептірілген жеміс (мейіз, өрік қағы, қара өрік)	20
50.	Повидло немесе жеміс-жидек джемі	20
51.	Жеміс-жидек шырыны (миллилитр)	90
52.	Поливитаминді препарат, драже (желтоқсан-мамыр)	1

Ескертпе:

1. Осы норма бойынша мемлекет есебінен әскери колледждің ұландары жабдықталады.

2. Әскери колледждің ұландары әскери бөлімде практикадан өту кезеңінде осы әскери бөлімнің мерзімді қызмет әскери қызметшілері үшін көзделген нормалар бойынша азық-түлікпен қамтамасыз етіледі.

9-норма

"Спорт комитеті – Орталық спорт клубының спортшы әскери қызметшілеріне арналған азық үлесі

Ескерту. 9-норманың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 12.09.2025 № 1263 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң, бірақ 16.09.2025 ерте емес қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Р/с №	Өнімдердің атауы	1 адамға г/күн
1.	2-сұрыпты бидай ұнынан пісірілген нан	350
2.	1-сұрыпты құнарландырылған бидай ұнынан пісірілген нан	400
3.	1-сұрыпты бидай ұны (құнарландырылған)	10
4.	1-сұрыпты қарақұмық жармасы	30
5.	Жоғары сұрыпты сұлы жармасы	10
6.	1-сұрыпты арпа жармасы	10
7.	Жоғары сұрыпты тары жармасы	10
8.	1-сұрыпты ұнтақталған арпа жармасы	10
9.	Жоғары сұрыпты күріш жармасы	30
10.	1-сұрыпты атбас бұршақ (бұршақ, үрме бұршақ)	10
11.	Жоғары сұрыпты макарон өнімдері (вермишель, түтік кеспе, кеспе)	35
12.	1-санатты сиыр еті	250
13.	1-санатты құс еті (тауық, түйетауық)	30
14.	Жоғары сұрыпты жартылай ысталған шұжық	30
15.	Тазартылған басы жоқ балық (сазан, жайын, тұқы, көксерке)	120
16.	Тауық жұмыртқасы (дана)	1
17.	Сиыр сүті, майлылығы кемінде 2,5 % (миллилитр)	360

18.	Айран, майлылығы кемінде 2,5 % (миллилитр)	60
19.	Қаймақ, майлылығы кемінде 15 %	50
20.	Сүзбе, майлылығы кемінде 9 %	70
21.	Мәйекті қатты ірімшік	50
22.	Сары май, жануар майының үлесі кемінде 72,5 %	40
23.	Күнбағыс майы	40
24.	Құмшекер	100
25.	Ара балы (10 г пакеттелген)	20
26.	Жоғары сұрыпты қара шай	2
27.	Ерітілетін табиғи кофе	1
28.	Йодталған ас тұзы	20
29.	Наубайханалық тығыздалған ашытқы	0,3
30.	Лавр жапырағы	0,2
31.	Ұнтақталған бұрыш	0,3
32.	Қыша ұнтағы	0,3
33.	Тағамдық сірке қышқылы 70 %	0,1
34.	Жаңа піскен картоп	420
35.	Жаңа піскен ақ қауданды қырыққабат	130
36.	Жаңа піскен қызылша	40
37.	Жаңа піскен сәбіз	95
38.	Жаңа піскен басты пияз	65
39.	Жаңа піскен сарымсақ	5
40.	Жаңа піскен қияр	50
41.	Жаңа піскен қызанақ	50
42.	Томат пастасы	6
43.	Жаңа піскен тәтті бұрыш	20
44.	Жаңа піскен көк (көк пияз, аскөк, желкек)	20
45.	Көкөніс шырыны (миллилитр)	90
46.	Жаңа піскен жеміс (алма, банан, апельсин)	350
47.	Кептірілген жеміс (мейіз, өрік қағы, қара өрік)	20
48.	Жеміс-жидек шырыны (миллилитр)	90
49.	Поливитаминді препарат, драже (желтоқсан-мамыр)	1

Ескертпе: осы норма бойынша мемлекет есебінен Спорт комитеті – Орталық спорт клубының мерзімді қызмет әскери қызметшілері, сондай-ақ Қарулы Күштердің

спорттық құрама командалары жаттықтыру жиындарын және жарыстарды өткізу кезеңінде жабдыкталуда.

10-норма

"Ұшқыш азық үлесі"

P/c №	Өнімдердің атауы	1 адамға г/күн
1.	2-сұрыпты бидай ұнынан пісірілген нан	200
2.	1-сұрыпты құнарландырылған бидай ұнынан пісірілген нан	300
3.	1-сұрыпты бидай ұны (құнарландырылған)	60
4.	1-сұрыпты қарақұмық жармасы	30
5.	Жоғары сұрыпты тары жармасы	10
6.	1-сұрыпты арпа жармасы	5
7.	1-сұрыпты ұнтақ жармасы	5
8.	Жоғары сұрыпты күріш жармасы	30
9.	Жоғары сұрыпты макарон өнімдері (вермишель, түтік кеспе, кеспе)	40
10.	1-санатты сиыр еті	300
11.	1-санатты құс еті (тауық, түйетауық)	100
12.	Жоғары сұрыпты жартылай ысталған шұжық	30
13.	Тазартылған басы жоқ балық (сазан, жайын, тұқы, көксерке)	120
14.	Тауық жұмыртқасы (дана)	1
15.	Сиыр сүті, майлылығы кемінде 2,5 % (миллилитр)	150
16.	Айран, майлылығы кемінде 2,5 % (миллилитр)	100
17.	Қаймақ, майлылығы кемінде 15 %	60
18.	Сүзбе, майлылығы кемінде 9 %	75
19.	Мәйекті қатты ірімшік	35
20.	Сары май, жануар майының үлесі кемінде 72,5 %	40
21.	Күнбағыс майы	40
22.	Құмшекер	100
23.	Ара балы (10 г пакеттелген)	40
24.	Шоколад	30
25.	Жоғары сұрыпты қара шай	1,2
26.	Ерітілетін табиғи кофе	2,5

27.	Йодталған ас тұзы	20
28.	Наубайханалық тығыздалған ашытқы	0,3
29.	Лавр жапырағы	0,2
30.	Ұнтақталған бұрыш	0,3
31.	Қыша ұнтағы	0,3
32.	Тағамдық сірке қышқылы 70 %	0,1
33.	Жаңа піскен картоп	530
34.	Жаңа піскен ақ қауданды қырыққабат	100
35.	Жаңа піскен қызылша	70
36.	Жаңа піскен сәбіз	100
37.	Жаңа піскен басты пияз	70
38.	Жаңа піскен сарымсақ	5
39.	Жаңа піскен қияр	50
40.	Жаңа піскен қызанақ	50
41.	Томат пастасы	6
42.	Жаңа піскен тәтті бұрыш	20
43.	Жаңа піскен көк (көк пияз, аскөк, желкек)	20
44.	Көкөніс шырыны (миллилитр)	90
45.	Жаңа піскен жеміс (алма, банан, апельсин)	400
46.	Кептірілген жеміс (мейіз, өрік қағы, қара өрік)	20
47.	Повидло немесе жеміс-жидек джемі	30
48.	Жеміс-жидек шырыны (миллилитр)	90
49.	Шәрбат (қаражидек, итмұрын, қарақат) (миллилитр)	10
50.	Поливитаминді препарат, драже (желтоқсан-мамыр)	1

Ескертпе:

Осы норма бойынша мемлекет есебінен:

1) ұшу аппараттары экипаждарының штаттық есептоптарына кіретін ұшқыштар құрамының әскери қызметшілері, оның ішінде дублерлар;

2) ұшу аппараттары экипаждарының штаттық есептоптарына кірмейтін, бірақ жауынгерлік кезекшілікті жауынгерлік және оқу-жаттығу даярлығы жоспары бойынша ұшуларды және авиациялық техника мен мүлікті әуеде сынауды орындайтын, оларға ұшу аппараттарының типтеріне сәйкес ұшу сағатының нормасы штаттық экипаждар үшін белгіленген нормадан кем емес айқындалған ұшқыштар құрамының әскери қызметшілері.

Осы норма бойынша ұшу аппараттары тиісті типтерінің штаттық экипаждары үшін белгіленген нормадан аз ұшу сағаттарының нормалары бар осы тармақшада көрсетілген әскери қызметшілер қамтамасыз етіледі;

3) ұшқыштар мен штурмандарды даярлайтын әскери оқу орындарының курсанттары – оқу жоспарларына сәйкес практикалық ұшулар басталған күннен бастап олар бітіріп шыққан күнге дейін (оның ішінде ұшу тәжірибелерінен өткен және басқа да әскери бөлімдерде тағылымдамадан өткен кезеңде);

4) ауыспалы ұшқыштар құрамы – авиациялық бөлімдерде (бөлімшелерде), әскери оқу орындарында, курстарда және орталықтарда қайта даярлаудан және қайта оқытудан өткен кезеңде;

5) ұшқыштар құрамы қатарынан әскери академиялардың (университеттердің) тыңдаушылары (магистранттары) – ұшу тәжірибесі мен тағылымдамадан өту кезеңінде ұшулар басталған күннен бастап және аяқталған күнге дейін;

6) борттық аудармашы, борттық жолсеріктер, ұшу аппараттары экипажының штаттық есептоптарына кіретін әскери қызметшілер – ұдайы, ал экипаждың штаттық есептоптарына кірмейтіндер – ұшу күндері;

7) ұшқыштар құрамына жатпайтын, бірақ ұшу аппараттарының жауынгерлік және оқу-жаттығу даярлығы жоспарлары бойынша ұшуларға және авиациялық техника мен мүлікті әуеде сынауға қатысатын әскери қызметшілер (ғылыми-сынау және ғылыми-зерттеу мекемелері (полигондары) авиация бөлімдерінің, сынау аппараттары экипаждарының штаттық есептоптарына кірмейтін, бірақ ұшуларға қатысатын борттық инженерлер (техниктер), нұсқаушылар, сынаушылар немесе катапульттеу құрылғыларының зерттеушілері, нұсқаушылары, нұсқаушы-парашютші-сынаушылары, парашюттердің нұсқаушы-сынаушылары, оның ішінде әуе-десанттық әскерлері парашют буындарының нұсқаушылары мен жаттықтырушылары ретінде ұшуларға қатысатын ұшқыштар құрамын жауынгерлік қолдану және қайта даярлау орталықтарының ұшқыш-әдіскерлері, инженерлері мен техниктері) операциялық-реанимациялық ұшақ-зертханалар ұшатын зертханаларының жеке құрамы, аға офицерлері (әуедегі басқару пункті жөніндегі) және әуе атқыш-радиистері және әуе атқыштарын даярлау жөніндегі авиация мектептерінің курсанттары – ұшу (парашютпен секіру) күндері, сондай-ақ қызметтік іс-қимыл жоспарлары бойынша ұшуларға қатысатын мемлекеттік органдардың бірінші басшылары мен олардың орынбасарларын;

8) әскери жиындарға шақырылған және ұшу аппараттарында ұшуды жасайтын әскери міндеттілер, жоғары және орта арнаулы оқу орындарында өтеусіз негізде білім алып жатқан, әскери даярлықтан өтетін әскери кафедралардың (әскери факультеттердің) студенттері – практикалық ұшу (әскери-оқу практикасы, тағылымдама) басталған күннен бастап жиындар аяқталған күнге дейін жабдыкталуда.

11-норма

"Теңіз азық үлесі"

P/c №	Өнімдердің атауы	1 адамға г/күн
1.	2-сұрыпты бидай ұнынан пісірілген нан	350
2.	1-сұрыпты құнарландырылған бидай ұнынан пісірілген нан	400
3.	1-сұрыпты бидай ұны (құнарландырылған)	50
4.	1-сұрыпты қарақұмық жармасы	30
5.	Жоғары сұрыпты сұлы жармасы	10
6.	1-сұрыпты арпа жармасы	10
7.	Жоғары сұрыпты тары жармасы	10
8.	1-сұрыпты ұнтақталған арпа жармасы	10
9.	Жоғары сұрыпты күріш жармасы	30
10.	1-сұрыпты атбас бұршақ (бұршақ, үрме бұршақ)	10
11.	Жоғары сұрыпты макарон өнімдері (вермишель, түтік кеспе, кеспе)	40
12.	1-санатты сиыр еті	240
13.	1-санатты құс еті (тауық, түйетауық)	30
14.	Жоғары сұрыпты жартылай ысталған шұжық	25
15.	Тазартылған басы жоқ балық (сазан, жайын, тұқы, көксерке)	120
16.	Тауық жұмыртқасы (дана)	1
17.	Сиыр сүті, майлылығы кемінде 2,5 % (миллилитр)	180
18.	Айран, майлылығы кемінде 2,5 % (миллилитр)	90
19.	Қаймақ, майлылығы кемінде 15 %	30
20.	Сүзбе, майлылығы кемінде 9 %	30
21.	Мәйекті қатты ірімшік	40
22.	Сары май, жануар майының үлесі кемінде 72,5 %	40
23.	Күнбағыс майы	40
24.	Құмшекер	90
25.	Ара балы (10 г пакеттелген)	20
26.	Қант қосылған қоюландырылған қаймағы алынбаған сүт	20

27.	Жоғары сұрыпты кара шай	1,2
28.	Ерітілетін табиғи кофе	1
29.	Йодталған ас тұзы	20
30.	Наубайханалық тығыздалған ашытқы	0,3
31.	Лавр жапырағы	0,2
32.	Ұнтақталған бұрыш	0,3
33.	Қыша ұнтағы	0,3
34.	Тағамдық сірке қышқылы 70 %	0,1
35.	Жаңа піскен картоп	420
36.	Жаңа піскен ақ кауданды кырыққабат	130
37.	Жаңа піскен қызылша	60
38.	Жаңа піскен сәбіз	95
39.	Жаңа піскен басты пияз	70
40.	Жаңа піскен сарымсақ	5
41.	Жаңа піскен қияр	50
42.	Жаңа піскен қызанақ	50
43.	Томат пастасы	6
44.	Жаңа піскен тәтті бұрыш	20
45.	Жаңа піскен көк (көк пияз, аскөк, желкек)	20
46.	Көкөніс шырыны (миллилитр)	90
47.	Жаңа піскен жеміс (алма, банан, апельсин)	200
48.	Кептірілген жеміс (мейіз, өрік қағы, қара өрік)	20
49.	Жеміс-жидек шырыны (миллилитр)	90
50.	Поливитаминді препарат, драже (желтоқсан-мамыр)	1

Ескертпе:

Осы норма бойынша мемлекет есебінен (басқа нормалар бойынша азық-түлік алатын адамдардан басқа):

1) суүсті корабльдері мен қамтамасыз ету кемелерінде қызмет өткеретін әскери қызметшілер;

2) суүсті корабльдері мен қамтамасыз ету кемелеріндегі әскери қызметшілер – орналасу орындарында дауылға әзірлік кезіндегі іс-шараларды жүзеге асырған жағдайда, теңізге шыққан және шетел айлақтарына баруға байланысты осы айлақтарда болған уақытта.

Суүсті корабльдері мен қамтамасыз ету кемелеріндегі әскери қызметшілер Қазақстан Республикасының аумақтық суларынан тыс жерде жүзген (шыққан) кезеңде

(шетел мемлекеттерінің айлақтарында), Қазақстан Республикасының базасынан, айлағынан шыққан күннен бастап, суүсті корабльдері мен қамтамасыз ету кемелерін сыртқы теңіз жолдарымен бір бассейнден басқасына ауыстыру жөніндегі экспедицияларға қатысатын жеке құрам жол жүруде болған кезеңде қосымша 3 г жеміс-жидек сығындысы мен 30 г қоюландырылған (немесе қаймағы алынбаған) сүт беріледі;

3) штаттық экипаждарға кірмейтін қамтамасыз ету кемелері топтарының әскери қызметшілері, капитан-тәлімгерлері, механик-тәлімгерлері мен лоцмандары, әскери жиындарға шақырылған әскери міндеттілер, әскери-оқу практикасы кезеңінде өтеусіз негізде білім алып жатқан әскери кафедралардың (әскери факультеттердің) студенттері, әскери оқу орындарының курсанттары – корабльге, кемеге келген күннен бастап;

4) арнайы жүзу құралдарымен жабдықталған теңіз жаяу әскерлері мен броньды танк техникасы экипаждарының әскери қызметшілері – теңізге шыққан күндері.

Теңізге шығатын күндер мен жеке құрамның саны әскери бөлім командирінің бұйрығымен жарияланады;

5) теңіз бөлімдерінің әскери қызметшілері – теңізде гидрографиялық жұмыстарды орындау уақытында;

6) теңізде апатқа ұшыраған немесе корабль (кеме) бортына алынған адамдар – экипаж осы норма бойынша айлаққа немесе базаға жеткізілгенге дейін азық-түлікпен қамтамасыз етіледі;

7) әскери қызметшілер – жауынгерлік кезекшілік атқарған уақытта;

8) әскери қызметшілер – тәуліктік нарядты өткерген уақытта;

9) әскери қызметшілер – қарауылдағы қызметті өткерген кезде;

10) әскери қызметшілер – әскери және арнайы жүктерге (әскери эшелондарға) ілесіп жүру және оларды тасымалдау кезінде және осы жүктерді қабылдау орнына барған немесе тапсырғаннан кейін кері қайтқан жолда жабдықталуда;

11) суасты сүңгулерін жасайтын, қысымды компрессорлық камерада (сүңгуір барокамерада) дербес болуына байланысты жұмыстарға қатысатын әскери қызметші сүңгуірлерге қосымша 130 г бірінші санатты сиыр еті, 15 г мәйекті ірімшік, 30 г сары май, жануар майының үлесі кемінде 72,5%, 40 г қоюландырылған (немесе қаймағы алынбаған) сүт беріледі;

12) тереңге сүңгітін әскери қызметші сүңгуірлерге күн сайын 30 г құмшекер, 70 г печенье, 150 г жаңа піскен жемістер немесе жеміс және жидек шырыны, 2 г жеміс-жидек сығындысы және 1 жұмыртқа беріледі.

12-норма

"Жалпы емдік азық үлесі"

Р/с №	Өнімдердің атауы	1 адамға г/күн

1.	2-сұрыпты бидай ұнынан пісірілген нан	100
2.	1-сұрыпты құнарландырылған бидай ұнынан пісірілген нан	450
3.	1-сұрыпты бидай ұны (құнарландырылған)	100
4.	1-сұрыпты қарақұмық жармасы	25
5.	Жоғары сұрыпты сұлы жармасы	10
6.	1-сұрыпты арпа жармасы	10
7.	Жоғары сұрыпты тары жармасы	10
8.	Жоғары сұрыпты күріш жармасы	30
9.	1-сұрыпты атбас бұршақ (бұршақ, үрме бұршақ)	5
10.	Жоғары сұрыпты макарон өнімдері (вермишель, түтік кеспе, кеспе)	35
11.	1-санатты сиыр еті	300
12.	1-санатты құс еті (тауық, түйетауық)	50
13.	Жоғары сұрыпты жартылай ысталған шұжық	25
14.	Тазартылған басы жоқ балық (сазан, жайын, тұқы, көксерке)	120
15.	Тауық жұмыртқасы (дана)	1
16.	Сиыр сүті, майлылығы кемінде 2,5 % (миллилитр)	360
17.	Айран, майлылығы кемінде 2,5 % (миллилитр)	45
18.	Қаймақ, майлылығы кемінде 15 %	45
19.	Сүзбе, майлылығы кемінде 9 %	60
20.	Мәйекті қатты ірімшік	50
21.	Сары май, жануар майының үлесі кемінде 72,5 %	40
22.	Күнбағыс майы	35
23.	Құмшекер	60
24.	Ара балы (10 г пакеттелген)	20
25.	Жоғары сұрыпты қара шай	2
26.	Йодталған ас тұзы	20
27.	Наубайханалық тығыздалған ашытқы	0,3
28.	Лавр жапырағы	0,2
29.	Ұнтақталған бұрыш	0,3
30.	Қыша ұнтағы	0,3
31.	Тағамдық сірке қышқылы 70 %	0,1
32.	Жаңа піскен картоп	450

33.	Жаңа піскен ақ қауданды кырыққабат	100
34.	Жаңа піскен қызылша	40
35.	Жаңа піскен сәбіз	90
36.	Жаңа піскен басты пияз	70
37.	Жаңа піскен сарымсақ	5
38.	Жаңа піскен қияр	50
39.	Жаңа піскен қызанақ	50
40.	Томат пастасы	6
41.	Жаңа піскен тәтті бұрыш	20
42.	Жаңа піскен көк (көк пияз, аскөк, желкек)	20
43.	Көкөніс шырыны (миллилитр)	90
44.	Жаңа піскен жеміс (алма, банан, апельсин)	200
45.	Кептірілген жеміс (мейіз, өрік қағы, қара өрік)	20
46.	Тосап (джем)	5
47.	Жеміс-жидек шырыны (миллилитр)	90
48.	Поливитаминді препарат, драже (желтоқсан-мамыр)	1

Ескертпе:

1. Осы норма бойынша мемлекет есебінен әскери-медициналық және медициналық мекемелерде (әскери госпитальдарда, лазареттерде, емханаларда, стационарлық және басқа да изоляторларда) емделуде немесе тексерілуде болатын науқастанғандар, ұшқыштар құрамын дәрігерлік сараптау бөлімшелерінде медициналық тексерілуде болатын ұшқыштар құрамының әскери қызметшілері жабдықталуда.

2. Осы нормаға қосымша мемлекет есебінен әскери госпитальдар мен лазареттерде емделуде және тексерілуде болатын науқастанғандарға – тәулігіне бір адамға 45 г жас ет, 25 г шұжық және ысталған тағамдар, 200 г сиыр сүті, 20 г ірімшік, 50 г сүзбе, 15 г көкөніс консервілері және 50 г консервіленген компот беріледі.

3. Әскери-медициналық мекемелерде емделуде болатын және жасанды тамақтандырылатын нәрестелерге емдік үлес орнына тәулігіне бір нәрестеге 1500 г сиыр сүті, 50 г сары май, 20 г күріш, 100 г құмшекер және 20 г кептірілген жеміс беруге рұқсат етіледі.

4. Әскери-медициналық мекемелерде науқастанған балалар жанында стационарлық жағдайда болатын аналар, егер нәрестені тек өз сүтімен тамақтандырған жағдайларда емдік үлес бойынша тағаммен тегін жабдықталуда.

5. Азаматтық емдеу мекемелерінде емделуде болатын әскери қызметшілер осы емдеу мекемесі қолданып жүрген нормалар бойынша барлық науқастанғандармен тең тағаммен тегін жабдықталуда.

6. Азаматтық емдеу мекемелерінде емделуде болатын әскери қызметшілерді тамақтандыруға азық-түлік немесе ақша беруге тыйым салынады.

7. Емдік үлес нормалары бойынша азық-түлікті ауыстыру науқастанғандарға тағайындалған ауыстыру нормалары бойынша ем-дәмдерге сәйкес жүргізіледі.

8. Науқастанғандарға дәрігердің тағайындауы және энтеральдық тамақтандыруға медициналық көрсеткіштер бойынша науқастанғандар үшін осы норма стандартты, жартылай элементті және модульдік қоспалармен немесе мақсатты бағытталған әсер ететін қоспаларымен ауыстырылады. Қоспа түрін таңдау және онымен тамақтандыру ұзақтығы медициналық көрсеткіштерге сәйкес жүзеге асырылады. Бір науқастанғанға арналған қоспа мөлшері осы мөлшерде 2000 ккал қуат және 70 г белок болған жағдайда тәулігіне 2000 миллилитрден аспауға тиіс.

13-норма

"Күйік шалған науқастанғандарға арналған емдік азық үлесі"

